

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ

Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің қызметкерлерінің, профессор-оқытушыларының ар-намыс және қызмет әдебі (этикалары) жайлы қағидалары (ҚР конституциясына) Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы №1567 Жарлығы негізінде дайындалып, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 43 бабы 3 тармағына сәйкес қабылданды. Сонымен қатар, осы Кодекс ҚР Конституциясын негізге алды, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңы, білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсанындағы №1118 Жарлығы, ХГТУ Жарғысы, Ұжымдық шарт пен ХГТУ-ның ішкі тәртіп ережелері, сондай-ақ, жалпыға танымал адамгершілік және этикалық нормалар мен тәртіп қағидалары негізінде әзірленген және бұл кодекс ішкі еңбек тәртібі ережесінің құрамдас бір бөлігі болып табылады.

Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің профессор-оқытушылары, қызметкерлері:

- Корпоративтік әдеп және ар-намыс кодексін сақтауға шешім қабылдағанын мәлімдейді, осы мақсатта Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің профессор-оқытушылары мен қызметкерлерінің мәртебесіне лайық емес барлық мүмкін болған көріністерден бас тартады;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарын, Жарғысы мен ұжымдық шарттарды, Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің ректорының бұйрықтары мен өкімдерін құрметтейді және қатаң сақтайды;
- Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің биік мәртебесін қолдайды әрі оның іскерлік беделі мен имиджін нығайтуға ұмтылады;
- Университет дәстүрін құрметтейді әрі ұлғайта түседі;
- Басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиеттерінің тапталуына, оларға моральдық және материалдық зиян келтірілуіне, заңға қайшы әрекеттер

жасалуына жол бермей, өзара қарым-қатынасымызды өзара құрмет негізінде құрамыз;

- Діни, нәсілдік, ұлттық алауыздыққа қарсы тұрады және кез келген қатынаста төзімділік танытады;

- Өздеріне Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің Коорпоративтік әдеп және ар-намыс кодексі ережелерін сақтауға міндеттеме қабылдайды.

Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінде білім беріп жүрген профессор-оқытушыларының және қызметкерлерінің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік сапаларына талапты арттыру мақсатында мына мәселелерді ескеру міндеттеледі:

1. Университетте білім беру қызметі қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және олардың моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қойылады. ХГТУ-да білім беруші профессор-оқытушылар мен қызметкерлері өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін атқаратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны – Қазақстан Республикасына адал да қалтқысыз қызмет ете білетін педагог мамандар дайындайды деп сенім білдіріледі.

2. Қазақстан Республикасы Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің қызметкерлерінің, профессор-оқытушыларының ар-намыс кодексі (ұстаздардың қызметтік әдептері туралы қағидалары) «Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілері мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді.

3. Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің басшылары мен атқарушы органдардың басшылары-қызметкерлері, факультет декандары мен кафедралардың меңгерушілері, бөлім басшылары, профессор-оқытушылар құрамы белгіленген тәртіппен осы Кодекс талаптарының орындалуын, осы Кодекстің мәтінін университеттің ғимараттарында баршаға көрінетіндей жерлерде орындауы талап етіледі.

4. Университетке қызметке тұрғаннан кейін 5 күн ішінде осы Кодекспен жазбаша түрде таныстырылуы тиіс.

1. Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің басшылары мен қызметкерлері, кафедра меңгерушілері, бөлім басшылары, профессор-оқытушылар құрамының мінез-құлқының жалпы қағидалары

Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің қызметшілері:

1.1 Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын жақтауға және оны дәйекті түрде жүзеге асыруға, өзінің іс-әрекетімен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуға, мемлекеттің және университеттің беделін түсіруге ықпал ететін іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге;

1.2 Заңдылық қағидаттарын, Қазақстан Республикасы Конституциясының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға;

1.3 Қоғам мен мемлекеттің игілігіне қызмет етуге;

1.4 Мемлекеттің мүддесіне залалын тигізетін және университеттің барлық құрылымдарының (органдардың) тиімді жұмыс істеуіне бөгет болатын іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

1.5 Сеніп тапсырылған университеттің ішіндегі барлық мүлікке ұқыпты карап, оны ұтымды әрі тиімді пайдалануға;

1.6 Жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтау мен қорғауды қамтамасыз етуге, олардың өтініштерін қарау кезінде төрешілдік пен сөзбұйдаға салу көріністеріне жол бермеуге, өтініштер бойынша белгіленген мерзімде қажетті шаралар қолдануға;

1.7 Әркім өзіне міндеттелген қызметін адал атқарып, қоғамның сенімін сақтауға және нығайтуға;

1.8 Өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізгі сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, оң сын-ескертпелерді кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

1.9 Адал, әділ, қарапайым да сыпайы болуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға; Университеттің барлық мүшелерінің бойында құрмет, теңдік, әріптестік және өзарақолдау негізінде құрылған корпоративтік мәдениетті дамытуға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыруға;

1.10 Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

1.11 Мемлекеттік және еңбек тәртібін бұлжытпай сақтауға, берілген өкілеттіктерді тиімді иеленуге; өзінің қызметтік міндеттерін адал, туралықпен және сапалы атқаруға; жұмыс уақытын тиімді пайдалануға;

1.12 Жоғары кәсіби жұмыс үшін қажетті күш-жігерін салуға, қойылған міндеттерді шешудің оңтайлы да үнемді әдістерін қолдануға;

1.13 Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін тиісінше орындауына бөгет болатын іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

1.14 Кадрларды туысқандық, жерлестік және жеке өзіне берілгендік белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеуге;

1.15 Бағынышты қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін дәл айқындауға, анық орындай алмайтын өкімдер

бермеуге, бағынатын қарамағындағы қызметкерлерден олардың қызметтік міндеттерінің шеңберінен тыс тапсырмалар орындауды талап етпеуге;

1.16 Бағынышты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік танытуға, дауыс көтеріп шаңқылдауға, адамдық қадір-қасиетін кемсітуге, жөнсіздік фактілеріне жол бермеуге;

1.17 Бағынышты қызметкерлерді құқыққа қайшы теріс қылықтар немесе жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормалармен үйлеспейтін іс-әрекеттер жасауға мәжбүр етпеуге;

1.18 Кәсіби дайындықтың, оның ішінде орындалуы бағынышты қызметкерлердің функционалдық міндеттеріне жатқызылған мәселелер бойынша, қажетті деңгейіне ие болуға;

1.19 Басқа қызметшілердің тарапынан қызметтік этика нормаларын бұзу фактілерін болдырмауға және жолын кесуге;

1.20 Өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде киім киюдің іскерлік стилін ұстануы тиіс;

1.21 Университет ұжымы іскерлік этикетті сақтауға, ресми мінез-құлық қағидаларын құрметтеуі тиіс;

1.22 Университет ұжымы өскелең ұрпақты жоғары азаматтық жауапкершілікке, патриотизмге, адамгершілікке тәрбиелеуі тиіс;

1.23 Университет ұжымы қызметтік жағдайларын және онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мүдделеріне, оның ішінде өзінің оларға көзқарасын насихаттау үшін пайдаланбауы керек.

Басшы лауазымдар атқаратын ректор, проректор және т.б. университет ұжымын, яғни, бағынышты қызметкерлерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлей алмайды.

2. Халықаралық гуманитарлық-техникалық университет қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқы

2.1. Педагогикалық сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға немесе сыбайлас жемқорлықпен ұйымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермеуі тиіс.

Университет қызметкерлері басқа қызметшілер тарапынан болатын сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылық фактілерінің жолын кесуі тиіс.

2.2 Егер, университет қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы дәйекті ақпараты болса, ол мұндай құқық бұзушылықтың алдын-алуға және жолын кесу жөнінде қажетті шаралар қолдануы тиіс. Қажетті шараларға университет басшысын хабардар ету немесе өзінен жоғары тұрған басшылықты хабардар ету жатады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы ақпарат алғаннан кейін университет басшылығы олар бойынша, оның ішінде, егер, оның іс-әрекеттерінде өз қызметін одан әрі жалғастыруға теріс ықпал ететін заңнама

бұзушылықтар болмаса, қызметкерді заңсыз қудалаудан, оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде тиісті шаралар қабылдайды.

2.3 Университет қызметкерлері өз іс-әрекеттерімен және шешімдерімен жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруды қиындататын әкімшілік және өзге де кедергілерге жол бермеулері тиіс. Мұндай фактілер анықталған жағдайда университет қызметкерлері оларды жою жөнінде шаралар қабылдауға тиісті.

2.4 Университет қызметкерлері университет ғимараттарындағы мүліктерге (заттарға) көзінің қарашығындай қарап, экономикалық залалдың алдын-алу жөнінде барлық мүмкіндіктерді пайдалануы, жеке мүдделеріне және үшінші тұлғалардың мүдделеріне орай тексерулерге бастамашылыққа жол бермеуі тиіс.

2.5 Университет қызметкерлері жеке мүліктік және мүліктік емес пайдалар алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді қолданбауға тиіс.

2.6 Университет қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын болғызбау үшін шаралар қолдануы тиіс.

2.6.1 Мүдделер қақтығысы туындаған ретте, яғни, университет қызметкерлерінің жеке басының мүдделілігі және оның өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше атқаруының немесе жеке және заңды тұлғалардың, университеттің заңды мүдделерінің арасында осы заңды мүдделерге зиян тигізетіндей қайшылық туындайтын жағдайда, университет қызметкерлерінің оның жолын кесу және реттеу жөнінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасында көзделген шараларды қабылдауға міндетті.

3. Көпшілік алдында сөйлеу мен амандасу

3.1 Жұмыс барысындағы өткізілетін мәжілістерде келесі мәселелер бойынша көпшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе жауапты саланың басшылары (тұлғалары) жүзеге асырады.

Университет қызметкерлері өз ісінің (қызметінің) беделіне нұқсан келтірмей, пікір-сайысты әдепті түрде жүргізуі тиіс.

3.2 Университет қызметкерлері мемлекеттік саясат және қызметтік ісінің мәселелері жөніндегі өз пікірін, егер ол:

3.2.1 мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес немесе;

3.2.2 жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты ашатын болса;

3.2.3 университет қызметкерлері университеттің лауазымды тұлғаларының, әкімшілік басқару органдарының, басқа да қызметкерлердің атына әдепке сай емес сөздер айтуға, көпшілік алдында жағымсыз пікірін білдіруіне болмайды.

3.3. Педагогикалық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызмет бойынша материалдар жариялауды университет қызметкерлері жеке тұлға ретінде тек өз атынан жүзеге асырады.

3.4 Университет қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық жасаған, оның ішінде кәсіпкерлік қызметпен айналысқан (жұмысқа әртүрлі заттар әкеліп сатумен), біреулердің мүдделерін қолдаған, сондай-ақ, университет

қызметкерлерінің табысымен сәйкеспейтін заңсыз табыс пен мүлік алған деп негізсіз көпшілік алдында айып тағылған жағдайда, ол осындай айыптауды анықтаған күннен бастап бір ай мерзім ішінде оны теріске шығару, оның ішінде сот арқылы теріске шығару жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

Әдеп амандасудан басталады. **Амандасу**– адамдардың бір-біріне деген құрметін, жылы ықыласын, жүрегінің жылы сезімін, мейірімін көрсету үлгісі. Сондықтан болар, қазақ тілінде *«сәлеміміз түзу»*, *«сәлемнен кете қойған жоқпыз»* деген сөз түсініктерінің басқамен татулықты, басқаға деген жылы шырайды білдіретіндігі. Сәлемнің әртүрлі мақсатпен, әртүрлі себеппен болатындығына қарамай, ол адамдардың қарым-қатынасына қызмет етеді. Кейбір көңілі шайтандыққа бұрылып кететін адамдар сәлемге суыққолдылық жасайды. Мысалы, көпшілік алдында сәлемінді алмай немесе селқос қабылдап, ал, жеке кездескенде елпілдеп, өзеурейтін жағдайлар да болып жатады. Мұндай жағымсыз қылық істегендердің ел алдында өзі де, сөзі де құнсызданып сүйкімсіз халге ұрынып, абыройсызданады. Қай дәуірде, қай қоғамда өмір сүрсең де адамның адамдығы – оның адалдығында.

Көптің үстіне, жиынға сырттан келген адам бірінші болып сәлем береді. Телефон шалған адам алдымен сәлемдесіп барып қана өз шаруасына көшеді. *«Тіл – көңілдің кілті»*, *«сәлем – сөздің анасы»* деген қазақ халқының даналығынан туындаған мақал да жағымды, ізетті сөз саптаудың адамдар арасындағы қарым-қатынасты құрастырушы фактор екендігін танытады.

*Сөз – қасиетті де киелі. Шәкәрімнің «Сөз – құдайдан шыққан бу», – деуі тегін емес. Ол ой-сананы имани қалыпқа айналдырып, жан-дүниемізді нұрландыра түсетіні сөзсіз. Жақсы сөйлеу, сыпайы сөйлеу – әдептіліктің маңызды шарты. Жақсы, орынды сөйлеп, елдің «тілін таба білу» іскер және қызметтес адамдарға пайдалы. Жүздескенде жылы шырай таныту, басқалардың сенімін жоғалтпай, айтқан уәдеде тұра білу, өз бас пайдасын ойлай тұра басқалардың құқын таптамау сияқты әрекеттер іскер және қызметтес адамдарға қажетті мінез-құлық, өмірлік ұстаным болуы тиіс. Басшы мен бағынушы арасындағы қарым-қатынас ерекшелігі олардың белгілі бір жағдайда тең еместігінен туындайды. Ал, жаратушы алдында бәріміз де теңбіз. «Ұлық болсаң кішік бол!», «Бастығың болса білімсіз, тындырар ісін тиімсіз», «Көпті жаман басшы – тоздырады, жақсы басшы – оздырады» деп халық даналығы бекер айтылмаған. Қарамағындағылармен неғұрлым сыпайы болсаң соғұрлым шынайы ниетке ие боласың. Басқаны тыңдай білу – үлкен өнегелік. Тіпті өзіңнің айтылғанмен келіспеушілігің бола тұра оппонентінді (қарсыласыңды) соңына дейін тыңдап шығу тәрбиелілік нышандарының бірі. Бағынушының ұжымдағы өз мәртебесіне, өз орнына сай міндеттерден тысқары талап қойылған жағдайда басқарушы тапсырманы бұйрықты түрде емес, сұраныс, өтініш түрінде білдіре алса, оның көрегендігі әрі ортақ іске пайдалы нәрсе жасағандығы болар еді. **Ұстаздардың өз***

студенттеріне көңіл аударар білуі де, яғни, оқыту процесіндегі жетістіктеріне, өмірлік қуаныштарына ортақтаса білуі де университеттегі жағымды, үйлесімді қарым-қатынастарды қалыптастыруға көп әсерін тигізеді.

4. Университет қызметкерлерінің қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқы мен оқу корпустарындағы жүріс-тұрыстары

Мінез – адам сыны. Адам құдіреттілігі ой жете бермейтін, саналылығының, даналылығының, қабілеттілігінің шегі, теңі мен теңдесі жоқ, киелі де қасиетті, аса күрделі жаратылыс. Әлемдік кеңесте жасампаз тіршілік иесі – адамзат, биоәлеуметтік шеңберде жеке тұлға болып табылады. Мінез – саналы өмір жүйесінде нәзік болмыспен қабаттас дарыған, адамның табиғи қалпы, сыр-сипат, іс-әрекет, бет-бағдар ерекшеліктерінің психологиялық жиынтығы. Ақыл мен мінез кісіліктің парқын, парасаттылығы мен бітім-келбетін, өмірге жарасымдылығы мен қабілеттілігін анықтаушы, сондай-ақ, бірін-бірі толықтырушы, жетілдіруші саналық категория. Сондықтан, қызметтен тыс уақытта да университет қызметкерлері өзін дұрыс ұстай білуі керек:

1. Университет қызметкерлері қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған этикалық нормаларды ұстанулары, қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына жол бермеуі тиіс.

2. Университет қызметкерлері қарапайымдылық танытуға, киім таңдағанда және өзге де заттарды алу кезінде өзінің қызметін, лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға, өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себеп туғызбауға тиіс.

Студенттермен қарым-қатынаста, ұжымдық ортада, еңбек жүйесінде, тіршілік талқысында, ізденіс пен талпыныс кезінде, сәттілік пен ұмтылыста және тағы басқа түрлі факторлар кезінде тұрақты мінез қалыптастыра білу өте маңызды. Жасандылықты туғызған жымсықы әрекеттерден аулақ болды мақсат етіп, көңіл шалқытар жадыралылықта, шабыт шақырар жарқындықта, парасаттылықта, игілікті істерді қолдап, қабілеттілікті жебей білуде, ақиқатты қорғау мен іскерлікті қоштай білуде және асаулықты басуда мінездің атқаратын маңызы зор. Тұрлаусыз ауытқымалы, ала көңілді, кінәмшіл, ойнақы, қырсыз, қыңыр, құйтырқы, өсек сөзге үйір жағымсыз қылықтардан бойды аулақ ұстай білу қажет. Ақылға негізделген мінез оралымды, икемді, иі жұмсақ, іс-әрекеттің игілігіне себепші.

Намыс бір сырлы көп қырлы: жеке бастық намыс, құқықтық намыс, кәсіптік намыс, азаматтық намыс, ұлттық намыс. Аталуы әртүрлі болғанымен, бәрі адамдық қасиет пен мүддені білдіреді. Маңғаздық біреулердің түсінігіндегідей паңдық, тәкаппарлық емес, адам жаратылысына сирек даритын, терең ойлы кісіге тән байсалды, адами ірілік, жасандылығы, жалғандығы жоқ, тұрлаулы табиғи бітім, аз сөйлеп, көп тыңдау, байқамдылық, ұғымдылық, ойлы көзқарас, жан-жақты танымдылық. Ашық-

жарқын көңіл күйде болу, айналаңа шаттық нұрын себу – тек іскерлік емес, жалпы, әрбір адамның парызы. **Қай ортада жүрсең де мынаны есте ұстаған жөн:** ұрыс-керіс, айқай-шу шығарып, істі насырға шаптырғаннан гөрі сондай шекті, кері эмоционалды күйді болдырмастай алдын аларлықәрекеттердің ең тиімдісі – қай жағдайда болмасын сабыр сақтап, ұжымда бәріне жағымды ауа-райын жасап, **әдептілікті сақтай білу.**

5. Университет қызметкерлерінің этикет мәселесі және моральдық адамгершілік қасиеттері

Этикетке ұсақ-түйек деп мән бермеуге болмайды, өйткені, сол қатынастағы ұсақ-түйектердің дұрыс орындалмауынан қақтығыстар мен жан-жалдар туып, тіпті ОПК-ның немесе университет ұжымының арасы шиеленісуі мүмкін. Этикет нормалары дербес қасиетке ие. Адамдардың нені жағымды, нені жағымсыз деп тануы әркімнің білім деңгейімен анықталады. Этикет пен этиканы шатастыруға болмайды. Дыбыстық ұқсастықтарына қарамастан ол екеуі – екі дүние. **Этикет** нақты бір мезетте нақты бір жағдайға байланысты нақты адамдардың өзін-өзі белгілі бір ортада ұстау әдебін танытса, этика одан анағұрлым кең ауқымды қамтитын ұғым. Өйткені, **этика** жалпы адамзаттық деңгейде адамгершілік қылықтың тарихын, адамгершілік категорияларын философиялық талдаудан өткізетін ғылым. Сондықтан, этиканың категорияларын күнделікті қызмет барысындағы көріністерін ескеруіміз қажет.

Этиканың категориялары күнделікті тілде кең пайдаланылатын сөздерден тұрады. Этикалық категориялардың барлығы табиғат құбылыстарына еш қатынастары жоқ, тек тікелей адам әлемімен байланысты ұғымдар. Өйткені, адамгершілік, аты айтып тұрғандай, тек адамға, яғни, жақсылық пен жаманшылықтың арасын ажырата білетін ерік-жігері бар жан иесіне ғана тиесілі. Мысалы, **достық**– адамдар арасындағы байланыстың ең ізгі, ең қалаулы, ең келісті түрі. Ол адамдардың бір-бірін қажетсінуінен, құрмет тұтынуынан, шынайы тілектестіктен, сенімнен құралады. Достық қарым-қатынас дегеніміз, жеке адамдардың бірін-бірі жақсы көруіне, ұнатуына, мақсат бірлігіне, ұзақ уақыт және жан-жақты тату-тәтті араласуына негізделген аса тығыз қарым-қатынас, үлкен сезім. **Мейірімділік (жақсылық) деп** белгілі бір адамның адам-гершілік қасиетін, оның өнеге ететін іс-қимылдарын айтамыз. **Мейірімсіздік (жамандық) деп** керісінше, адамгершілікке лайықсыз деп танылатын іс-әрекеттерді айтамыз. Жұмыс барысындағы іс-әрекеттерде жақсылықтың өлшемі адамның өз қызметіне сай жұмыс етуі болса, жамандық өз ісіне жауапсыз қарап, тіршілікті шектеу деп түсінуге болады. Яғни, жақсылық ұжым мүшелерінің арасындағы үйлесімділік. Тек нағыз адамның қолынан ғана жақсылық жасай білу келеді. Жамандық – үйлесімсіздік, адамның шектен шығуы мен оның теріс қылығы.

Ар-намыс, ұят-абырой. Бұл ұғымдардың бір-бірімен тығыз байланысты. Адамгершілік заңының жүзеге асуын қадағалаушы ар-ождан мен ұят. Ұят – адамгершіліктің бір жемісі, сонымен қатар, ар-намыстың қосшысы. Ұят жоқ жерде әдеп-инабаттылық жоқ. Ұят – адамдардың қарым-қатынас мәдениетіндегі ненің жақсы, ненің жаман екендігін түсінуі және ажырата білуі. Сонымен бірге, ненің ұят немесе ненің ұят еместігі туралы түсініктердің барлық жерде бірдей еместігін ескеру. Ұят адамның өзінің әлеуметтегі іс-әрекеті үшін жауапкершілік сезімін танытады. Ұятты іс-қылқкық намысыңды келтіреді, арыңа тиеді. Ұят жоқ жерде береке бірлік жоқ, әдеп-инабаттылық жоқ. Ұяттың бір көрінісі – ұялу – адамның өзінің не жақын адамдарының оқыс істері мен жағымсыз қылықтарына байланысты көңіл-күйінің бұзылуы. Ар-ұятына қатысты түсініктер – мадақтау, көтермелеу, табалау, күйініш пен сүйініш. Адам бойындағы адамгершілікке тән мұндай қасиет-ерекшеліктер оның әрқилы іс-әрекеттері мен өзге адамдармен қарым-қатынасынан айқын көрініп тұрады. **Абырой** – адамның өз іс-әрекеттерінің тиесілі деңгейінде, яғни, адамгершілік мұраттарына сәйкес келуінен пайда болатын өзіндік жеткіліктілік.

Ар-намыс арқылы адамның өз қылықтарын парыз, міндет, тиесілілік тұрғысынан бағалай білетіндігі көрінеді. Адамның парызы сияқты ар-намысы да өзіндік, ешкімге тәуелсіз дүние. **Ұят** деп адамның өзінің қоршаған ортасын-да қалыптасқан ортақ нормаларға немесе қауымның өзінен үміттенген биіктеріне сай келмегендігін сезінуден туындайтын қолайсыздық дүние. Мысалы, кафедра меңгерушісі көпшілік алдында асыра сілтеп қарамағындағылардың біреуін масқаралап, жамандап жатса кез-келген адамды қолайсыздық күйге түсіріп, арты қайғы-мұңға апаруы мүмкін. Ар-намысы тапталған адам күйіктен денсаулығынан да айырылып жатады. Сондықтан, қолында билігі бар басшы біреудің ар-ожданына нұқсан келмейтіндей қарым-қатынас жасауы керек. Ар-намыспен салыстырғанда ұят ішкі, өзіңмен-өзің қалатын күй емес, басқалардың, қоршаған ортаның көзқарасымен анықталатын күй. Өйткені, өзіңе жасаған келеңсіз әрекеттің немесе өзіңе қиянат жасаған адамның іс-қылығы үшін басқалардан еститін сөзді ойлап, олардың сен туралы көзқарастарының бұзылатындығын ойлап қам жейсің.

Әділдік, әділеттілік – мейірімділіктің нақтыланған өзіндік бір түрі, дәстүрлі құқықтық мәдениетте адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастың белгілі тәртібіне тікелей қатысты принцип, адамның қоғам алдында ғана емес, сонымен бірге, қоғамның тұлға үшін де жауаптылығын көрсететін, адамдардың өмір сүруі жағдайлары мен санасын білдіретін этикалық

әлеуметтік-категория. *Әділдік – ізгіліктің ірге тасы. Ол адамды қоғамның елеуі, марапаттауы болып табылады.* Әділетті ұжымда (ортада) *«жығылған тұрады, жылаған уанады, қисайған түзеледі»*. Әрбір профессор-оқытушылар алдына келген студенттің жұмыстарын әділ бағалай алмаса, оның ұятының жоқтығы. Қылмыс пен жаза, әрекет пен айыптау мәселелері әділдіктің осы түсінігімен түбірлес. Шын мәнісінде, қабілеті мен білімі тең емес студенттердің бірдей бағалануы әділетсіздіктің айқын көрінісіне жатады. Мұндай қарым-қатынас әлеуметтік енжарлыққа әкеп соғып, кейбір студенттер сабаққа келмей қоюы мүмкін. Әлеуметтік теңдік – өркениетті қоғам құрудың басты шарты. Адамдар құдай алдында, әдеп, құқық, заң алдында тең және бірдей мүмкіндікке ие.

Кредиттік жүйе бойынша оқытылып жатқан ортада *«мүмкіндіктер теңдігі мен әділеттілігі»* деген өмірлік принциптер кең етек жаюы қажет. Профессор-оқытушылармен қатынастар әрбір студенттің өзіндік мақсатына жету мүмкіндіктерін шектемеуі керек. Әділеттілік адам құқын құрметтеуден басталады. Әділеттіліктің басты өлшемі – адам құқықтары теңдігінің жүзеге асуы, нәтижелер теңдігінің жүзеге асуы.

6. Қақтығыс жағдайлары мен даулы мәселелерді шешу қағидалары

6.1 Университеттің тиімді жұмыс атқаруы қызметкерлердің міндеттерінің айқын бөлінуін және қызметкердің жауапкершілігі бойынша мүдделер қақтығысына жол берілмеуін қарастырады. Әлеуетті қақтығыстар ауқымы жедел анықталады, неғұрлым төмендетіледі және қатаң бақылауға алынады.

6.2 Қақтығыс жағдайының туындауы туралы хабар оны жедел әрі тиімді шешуге мүмкіндігі бар барлық тараптарға жеткізіледі.

6.3 Қақтығысты шешу кезінде әділеттілік пен академиялық адалдық қағидалары сақталады.

6.4 Бөлімшелердің ешбірі қақтығыс жағдайын өз пайдасына шешу үшін айрықша құқықты пайдалана алмайды.